

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет
комитетінің «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос
лауазымына конкурс жариялайды**

Конкурс қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

1. Орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны: ШҚО, Қатонқарағай ауданы, Қатонқарағай ауылы, Жампейсова 19/302 мекенжайында орналасқан, тел.: 8 (72342) 2-95-29.

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты мәдениет саласындағы ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру, оның ішінде тарихи-мәдени мұраны сақтау, оны танымал ету қызметін, сондай-ақ осы Жарғымен көзделген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру болып табылады.

2. Конкурсқа қатысу үшін келесі тұлғалар қабылданбайды:

- 1) 18 (он сегіз) жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

3. Үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары:

Кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызметтер (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика

және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес;

4. Функционалдық міндеттері:

Мекеменің өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйым мүлкін сақтау және тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

ұйымның саясаты мен стратегиясын белгілейді, оның бөлімшелерінің музей қорын қалыптастыру, сақтау бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекет және қоғам мүддесі үшін қорғау және пайдалану бойынша жұмысын үйлестіреді;

музейдің (музей-қорықтың) жоспарларын, бағдарламалары мен жобаларын жасау және жүзеге асыруға басшылық етеді, қызмет бағыттары бойынша олардың орындалуы жөнінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді;

ғылыми-зерттеу қызметіне жетекшілік етеді, Қазақстан халқының мәдени құндылықтарын, тарихи-мәдени мұрасын насихаттау мен дәріптеуге бағытталған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының және шет елдердің мәдениет және өнер ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша шараларды қолданады;

директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың жетекшілері мен мамандары арасында жұмыстың жекелей бағыттарын бөледі;

шарттарды жасайды және бұзады, мәмілелер жасайды, сенімхаттар береді, қажетті есептілікті ұсынуды қамтамасыз етеді, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді;

еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

5. Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарын, Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидалары, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария жөніндегі тәртібі, өрт қауіпсіздігі талаптары.

6. Конкурса қатысуға үміткер тұлға байқау өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынады:

Үміткерлер еркін нысанда ресімделген қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндемені қоса бере отырып, қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурса қатысу туралы өтінішті talapker.e-qazyna.kz веб-порталына береді.

Тізілімнің Веб-порталы конкурса қатысу туралы өтінішке «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен дерекқорлардан конкурса қатысуға үміткер тұлғаның жеке басын куәландыратын, білімі, зейнетақы аударымдары және еңбек қызметі туралы құжаттардың мәліметтерін автоматты түрде тіркейді.

Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеде еңбек қызметі туралы мәліметтер болмаған жағдайда конкурса қатысуға үміткер тұлға Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың бірін өтінішке тіркейді.

Конкурса қатысу үшін құжаттарды қабылдау talapker.e-qazyna.kz веб-порталында конкурс өткізу туралы жарияланған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні өткен соң аяқталады

7. Конкурсты өткізу күні мен орны:

Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер Үйі» ғимараты, 14 кіреберіс.

Өңгімелесуді өткізу күні байқауға қатысушыларға қосымша хабарланатын болады.

Толық ақпаратты +7 (7172)74-04-59 телефоны, эл.пошта: l.kulzhabaeva@mki.gov.kz арқылы алуға болады.

(конкурс өткізу туралы шешім
қабылдаған тиісті саланың
уәкілетті органының
(жергілікті атқарушы
органның не аудандық маңызы
бар қала, ауыл, кент, ауылдық
округ әкімі аппаратының)
атауы)

Конкурсқа қатысуға өтініш

Мені, _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(кәсіпорынның атауы)

кәсіпорынның басшысы лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

"Мемлекеттік кәсіпорын басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 70 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорын басшысын аттестаттауды тағайындау және өткізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларының талаптарымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10379 болып тіркелген) таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін. Менің дербес деректерімді, оның ішінде психоневрологиялық және наркологиялық ұйымдардан жинауға және өңдеуге өз келісімімді білдіремін. Ұсынылған құжаттардың дұрыстығын растаймын және көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауаптымын.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

Мекен-жайы: _____

Байланыс телефондары: _____

e-mail: _____

ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

" _____ " _____ 20__ ЖЫЛ